

«Өмір өрнектері» - Аманкелді Садырбековтің ғұмырнамалық туындысы

Қазақтың біртуар қайраткерлері Е.Н.Әуелбеков пен Ө.Ж.Жәнібеков сынды халықтық тұлғалардың тәрбиесін көріп, тәлімін бойына дарытқан Аманкелді Садырбековтің салиқалы жасқа жеткен шақтағы толғанысынан туған «Өмір өрнектері» деп аталатын осынау ғұмырнамалық туындысының айтар ойы да, тағылымдық тұстары да аз емес.

Торғай мен Қостанай, Ақмола, Орал, Алматы өңірлерінде жарты ғасырға жуық еңбек етіп, Кеңестік кезең мен тәуелсіз Қазақстанға белсенді қызмет жасаған айтулы тұлғаның танымдық пайымы мен парасаты, еліміздегі қоғамдық дамудың кешегісі мен бүгінгіне байланысты ой-пікірлері осы кітаптан айқын көрініс табады. Әсіресе, тағдыры тәлкекке түскен Торғай облысына қатысты тұжырымдары жерлестерін, ел адамдарын бей-жай қалдырмайды.

Сонау жетпісінші жылдарда жаңадан ашылған Торғай облысының орталығы атанған Арқалық қаласы мен ауданының өркен жайып, қанатын кеңге жаюына айтулы үлес қосқан аға ұрпақтың ортасында белсенді қызмет жасаған, шаруашылықтар мен аудан басқарған, Торғай облысы әкімінің бірінші орынбасарына дейінгі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарған және еліміздің

күн-түн демей оны түсіріп алу сияқты көптің күшін қажет ететін жұмыстарға еш шақырусыз-ақ ауыл азаматтары үлкен-кішісіне қарамай жұмыла кірісті. Осындай халықтық істің басы-қасында өзі бас болып жүретін шаруашылық басшысының елдің бірлігіне, берекелі тірлігіне, ыстық ықпалына деген ризалығы кітаптың осы аталған тарауында жан-жақты айтылады.

Бүгінде Торғайдағы ұлт Азаттық қозғалысының көсемі болған тарихи тұлғаның есімімен аталатын «Әбдіғапар» ауылдық округінің орталығы Қараторғай елді мекеніне апаратын үш бірдей көпірдің айналдырған екі-үш жылда «Қараторғай» өзені мен «Саба», «Қайыңды» салаларынан салынуы зор жетістік еді. Әлі күнге дейін осы өңір халқына өлшеусіз қызмет етіп келе жатқан осы көпірлер мен қатқыл табанды көтерме жолды салдыру сияқты күрделі істерді жүзеге асырғанда



шаруашылықтың дамуына айрықша үлес қосқан адамдардың есімі құрметпен аталады.

Сол жерде шындалып, тәрбие мектебінен өткен бас мамандар мен басқа да қызметкерлердің біразы кейін облыс төңірегінде жауапты қызметтер атқарды, бірнешеуі басқа шаруашылықтарды басқаруға жіберілді.

Аталмыш кітапта 1986-1990 жылдар аралығында Аманкелді ауданының бірінші басшысы болып қызмет атқарған кезеңіне ерекше маңыз бере тоқталған автордың Аманкелді ауданындағы берекелі бес жыл!» деп аталатын тарауында тарихи өлкенің сол кезеңдегі тыныс-тіршілігі толық баяндалады. Алда тұрған міндет-

Бұл тұрғыда Арқалық қаласында құрылған бастамашыл топтың атқарған қызметі мен саяси белсенділігі, жекелеген азаматтардың іс-қимылы ерекше көрініс табады. Көлемі 20 шартты баспа табақ болып жарық көрген салмақты да, салиқалы кітаптың көпшілік қолына әлі толық тие қоймағандығын ескеріп, әрі біздің торғайлықтар арасында оны оқуға ынта білдірушілер де аз болмайтындығын байқап, алдағы уақытта осы өңірге қатысты «Қарт Торғай қойнауындағы «Қараторғай» деп аталатын бір тарауын номерден номерге үзіп беру арқылы оқырмандарымыз үшін «Арқалық хабары» газетінде жариялауды жөн көріп отырмыз.

«Қостанай облысының Құрметті азаматы» атанған ардақты ағаның ұстанымы – халқына адал, қалтқысыз қызмет ету. Биліктің биік сатыларына көтеріле отырып, өзінің кісілік келбетіне селкеу түсірмеуді бір сәт те есінен шығармаған өжет те, өткір басшының өзіне тән жаратылысы мен адамдық қалпы осы жинақтан байқалып тұрады. Бүгінгі таңда халқына жасаған жемісті еңбегінің қызығын көріп, Астана қаласындағы зиялы ортаның айтулы тұлғаларының біріне айналған, қанат жайған ұл-қыздары мен одан тараған ұрпақтары ара-

сында бақытты ғұмыр кешіп отырған ағамыз Аманкелді Садырбековтің таяуда ғана аталып өткен жетпіс жеті жылдық мерейтойы мен жан-жары Қарлығаш Құрманғалиқызы екеуінің отбасы құрғанына елу бес жыл толуына орай ұйымдастырылған іс-шарада Қостанай облысының әкімі Қ. Ақсақалов пен Арқалық қаласының әкімі Ә. Асановтың құрмет сезімге толы Құттықтау хаты табыс етілді. «Өмір өрнектері» аталатын осы кітаптың тұсаукесері де бірге өткізілді.

Астана қаласындағы «Big Dream» баспасынан жарық көрген жаңа кітаптың шығарушы редакторы, әрі қолжазбамен жұмыс жасаған қаламгер де біздің жерлесіміз, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі, облыстық «Торғай таңы» газетінің Бас редакторы болған Жалғасбек Сүлейменов.

Қостанай, Торғай төңірегіне еңбегі сіңген еңселі тұлға, танымал қайраткер Аманкелді Садырбековтің «Өмір өрнектері» атты ғұмырнамалық туындысы Арқалықтағы қалың оқырмандардың қызығушылығын тудыратын құнды туындының бірі болады деп сенеміз!

Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ,
Арқалық қаласы әкімінің
баспасөз хатшысы

бірінші орын-сарына дейінгі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарған және еліміздің Президенті аппаратында жауапты қызметтер атқарып, Қазақстанның бірнеше облысында жұмыс жасаған айтулы азаматтың қай жерде жүрсе де жасаған жағымды істері аз емес.

Облыстық және Арқалық ауданы ауыл шаруашылығы басқармаларында басшылықта болған жылдарда осы аймақтың алға дамуы бағытындағы белсенді іс – қимылдары да осы кітаптан орын алған. Бүгінде Арқалық қаласының құрамына кіретін Әбдіғаппар хан ауылының іргесін қалап, шаңырақ көтеруіне басшылық жасаған жас басшының жігерлі қызметін жергілікті халық ешқашан ұмытқан емес. Кітаптың бірінші бөліміндегі «Қарт Торғай қойнауындағы «Қараторғай» ауылы деп аталатын бесінші тарауы Арқалық қаласына қарасты осы шаруашылыққа арналып, алғаш құрылған сонау сексенінші жылдардың басында төрт жыл директор болып қызмет атқарған тұстағы қауырт шақты қамтиды. Жаңадан бой көтерген шаруашылықтың әр жақтан келген жас мамандарын жергілікті «Жаңақала» ауылы адамдары құшақ жая қарсы алып, нағыз қонақжайлылығын көрсетті. Олардың жаңа қонысқа ие болғанынша үйлерінде тұрып, бір дастарханнан дәм татуына ауыл адамдары ықылас танытты.

Құрлыс материалдарының толассыз келуін ірікпей,

жатқан осы көпірлер мен қатқыл табанды көтерме жолды салдыру сияқты күрделі істерді жүзеге асыруға қол жеткізген, бұл бағытта батыл да, тапқыр іс-әрекеттерге бара білген Аманкелді Садырбековтің іскерлігі мен ұйымдастыру қабілеті осы шаруашылықта толық таныла бастады.

Сонымен қатар, үш-төрт жыл көлемінде «Қараторғай» шаруашылығы жаңа тұрғыда құрылып, өзгеше келбетке ие болды. Сол жылдарда жаңа құрылған совхоз бірнеше рет облыс бойынша құрылыс салу саласы бойынша алдыңғы орындарды иеленді. Тұрғын үйлермен қатар, әлеуметтік маңызы бар не бір нысандар жыл сайын бой көтеріп жатты.

Шаруашылық кеңсесінен бастап, заманауи спорт залы бар мектеп пен балалар бақшасы, сауда орындары мен Мәдениет үйі, жаңа типтегі Автогараж бен МТМ, машина-трактор алаңдары, жанар-жағар май базалары тәрізді басқа да ондаған әлеуметтік және өндірістік орындар сол жылдарда бой көтерді. «Жаңақала» ауылының байырғы тұрғындары Әбік Нұрманов, Құси Ержанов, Ерқара Рахымбеков, Әліпбек Құндызбаев, Асқар Есімсейітов тәрізді елге сыйлы ақсақалдары мен белсенді еңбек ете білген Аманжол Ахметжанов, Орақ Рахымбеков, Шырдай Қыстаубаев, Қайсар Явнов, Жақсылық Рахымқұлов тәрізді ондаған озаттар мен бөлімше басқарушысы Ибраш Тұрыпбергенов пен Қыстаубай Серікбаев сияқты басқа да

аталатын тарауында тарихи өлкенің сол кезеңдегі тыныс-тіршілігі толық баяндалады. Алда тұрған міндеттерді атқарудағы әріптестері мен еңбек адамдарының ерен еңбектерін еске алып, оларға деген құрмет сезімдері айқын көрніс табады. Аудан халқының сол бір күрделі кездерде бірлесе істеген жүйелі жұмыстарының арқасында зор жетістіктерге қол жетті.

Дәл осы кезеңде – Амангелді ауданы 1997 – 1999 жылдарда үш жыл қатарынан Облыстық, Республикалық, Одақтық деңгейде жарыс жеңімпазы атанып, зор жетістіктерге қол жеткізді.

Жүздеген еңбек адамдары жүлдегер болып танылып, ондаған жандар мемлекеттік ордендер мен медальдармен марапатталды. Қостанай облысы бойынша Амангелді ауданының есімі Бүкілодақтық Алтын кітапқа енгізіліп, аудан басшысы А.Садырбековтің де еңбегі жоғары бағаланды.

Қостанай облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Н.Т.Князев жеңімпаз ауданның басшысы ретінде Аманкелді Садырбековке «Волга» автомашинасын табыс етті. Бұл аудан халқының орасан зор еңбегінің нәтижесі, ел адамдарының бірлігі екендігі де осы кітапта жан-жақты баяндалады. Торғай облысының алғаш рет жабылып, Қостанай облысына қараған тұстағы сол өңірдегі саяси ахуал мен Торғай облысының 1990 жылы қайта бой көтеруіне қатысты атқарылған жұмыстар да кең түрде қамтылады.

орғаның айтулы ұлғала-рының біріне айналған, қанат жайған ұл-қыздары мен одан тараған ұрпақтары ара-

лады деп сенеміз:
Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ,
Арқалық қаласы әкімінің
баспасөз хатшысы